

1. Жалпы ережелер

1. "Алматы облысы Білім басқармасының Ұйғыр ауданы бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Алматы облысы Әкімінің 1999 жылғы 22 қазандағы № 10-337 шешімі, Ұйғыр ауданы әкімінің 1999 жылғы 17 қарашадағы № 11-333 шешімі негізінде құрылды
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы "Алматы облысы Білім басқармасының Ұйғыр ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады
4. Кәсіпорын мүлкіне қатысты коммуналдық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің құқықтары кәсіпорын мүлкінің сақталуын қамтамасыз етеді
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган "Алматы облысы білім басқармасының Ұйғыр ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Кәсіпорынның Атауы:

мемлекеттік тілде: "Алматы облысы білім басқармасының Ұйғыр ауданы бойынша білім бөлімі мекемесінің "Балбөбек" балабақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны .Орыс тілінде аталуы – Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад «Балбөбек» государственного учреждения «Отдел образования по Уйгурскому району Управления образования Алматинской области» .

7. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның заңды мекен-жайы: 041800 Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, И. Искандеров көшесі №57.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылған болып саналады және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) балалардың теңгерімді тамақтануын, жұмыс режимін, оны санитариялық – эпидемиологиялық талаптармен айқындау жиілігін қамтамасыз етеді;
- 3) байқау, конкурстар, спорттық жарыстар, өзге де мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізеді;
- 4) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасайды, салауатты өмір салтын құндылықтарға баулиды;
- 5) мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығын, еріктілігін және шығармашылық өзін-өзі көрсету қабілетін дамытады;
- 6) балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасайды;
- 7) бес (алты) - жастағы баланы сапалы мектепалды даярлықпен қамтамасыз етеді;

8) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасайды;

9) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты қорғау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді;

10) азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді;

11) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуді және дамытуды, сондай-ақ орыс және ұйғыр тілдерін үйренуді қамтамасыз етеді. Ұлттық топтар үшін ана тілін үйренуге жағдай жасалады;

12) балаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі ұйымның немесе тиісті денсаулық сақтау ұйымдарының штатына кіретін медицина қызметкері жүзеге асыратын тұрақты медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді;

13. Кәсіпорын білім беру қызметін сәйкес жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;

2) үлгілік оқу жоспарларымен;

3) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен қамтамасыз етіледі.

14. Кәсіпорындағы тәрбие-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Кәсіпорын тиімді тәрбие-білім беру процесін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру) қамтамасыз ету үшін педагогтерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтаған жағдайда балама авторлық бағдарламаларды таңдауға, қолдануға, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізуге құқық береді.

16. Кәсіпорынға 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар қабылданады

8. Кәсіпорынның жұмыс режимі-толық болу күні (сағат 08.00-ден 18.30-ға дейін).

17. Балаларды кәсіпорыннан жіберу, қабылдау, шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

18 балаларды кәсіпорыннан шығаруды басшы мынадай жағдайларда жүргізеді:

1) баланың тамақтануы үшін ай сайынғы төлемнің уақтылы төленбеуі (төлемнің белгіленген мерзімінен 15 күнтізбелік күннен артық кешіктірілуі);

2) баланың дәлелді себептерсіз және әкімшіліктің ескертуінсіз бір айдан астам уақыт өткізуі;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде.

19. Балаларды кәсіпорынға тұрақты немесе уақытша болуға қабылдау онда бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

20. Кәсіпорын мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын адамдар арасындағы қарым-қатынас баланы кәсіпорынға қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың кәсіпорынға келу режимі, тамақтанудың еселігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, баланың тамақтануы үшін төлем мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де шарттар айқындалады.

21 бала мектепке дейінгі ұйымда келесі жағдайларда орын алады:

1) Баланың аурулары;

2) медициналық, санаторий-курорттық және өзге де ұйымдарда баланы емдеу және сауықтыру;

3) ата-анасының немесе заңды өкілдерінің біріне еңбек демалысын беру;

4) баланы жазғы кезеңде екі айға дейінгі мерзімге сауықтыру.

22. Кәсіпорын педагогикалық кеңес құрады. Педагогикалық кеңесті құру тәртібі, құрамы мен қызметі педагогикалық кеңес қызметінің үлгілік қағидаларымен және оны мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш,

негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен айқындалады.

23. Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша ұжымның күш-жігерін біріктіру, білім беру ұйымының педагогикалық ұжымының қызметін педагогикалық жұмыс пен оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағыттау, педагогика ғылымы мен озық тәжірибенің жетістіктерін практикаға енгізу, білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) ауыстыру және бітіру мәселелері болып табылады.

24. Кәсіпорынды және оның қызметкерлерін мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Кәсіпорын қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялар (сертификаттар) алады.

26. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оның қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

27. Кәсіпорынның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

28. Жергілікті атқарушы орган:

1) кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген атқарушы органға уәкілеттік береді;

3) кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;

4) кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

5) кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

8) кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

29. Білім бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ведомстволық бағынысты заңды тұлғаларды басқару мәселелері бойынша актілерді әзірлейді, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныс енгізеді;

3) Кәсіпорынның Жарғысын Жергілікті атқарушы органға бекітуге енгізеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасайды;

4) бюджеттен қаржыландырылатын Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемін айқындайды;

5) кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

6) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекіту жөнінде ұсыныс енгізеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті жергілікті атқарушы органға, оның ішінде оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы ұсыныс енгізеді;

8) кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды және есепке алуды қамтамасыз етеді;

9) қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

30. Кәсіпорын басшысы-меңгеруші.

31. Меңгерушіні тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

32. Білім бөлімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы кәсіпорын меңгерушісімен еңбек қатынастарын ресімдейді.

33. Кәсіпорын меңгерушісі Қаржы-шаруашылық қызметі және кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін дербес жауапты болады.

34. Кәсіпорын меңгерушісі дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын оның құзыретіне сәйкес кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

35. Кәсіпорын меңгерушісі:

1) кәсіпорын атынан әрекет етеді, оны барлық мемлекеттік және жеке ұйымдарда ұсынады;

2) қаражаттың басқарушысы болып табылады, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттар ашады;

3) Өз құзыреті шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің орындауына міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан шығару құқығын пайдаланады;

5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына және санитариялық-гигиеналық

нормаларға сәйкес кәсіпорында тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;

6) балалардың мүдделерін, отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;

7) баланы кәсіпорынға қабылдау кезінде ата-аналарды немесе заңды өкілдерді Жарғымен, оқу-тәрбие процесін және медициналық қызмет көрсетуді қабылдау және ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен шарт жасасады;

8) кәсіпорынға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

9) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36. Кәсіпорын меңгерушісі жауапты:

1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзу;

2) өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамау;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны үшін;

4) оқу-тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

5) Қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалану;

6) Нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзушылықтар.

5. Кәсіпорынның мүлкі

37. Кәсіпорынның мүлкін Кәсіпорынның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

38. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

39. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) меншік иесі оған берген мүлікті;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден тұрады.

40. Кәсіпорынды тек оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажет немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік басқара алады.

41. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың сипатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды алу және тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

42. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудан түсетін жемістер, өнімдер мен кірістер, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікті жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті оның балансына бекіту сәтінде туындайды.

44. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқылы емес.

45. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген негіздер бойынша тоқтатылады.

46. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган білім бөлімімен келісім бойынша кәсіпорынға бекітілген мүлікті (жедел басқару құқығында) алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

47. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде жергілікті атқарушы орган кәсіпорынға алып қойылған мүлікті ұстау және оны өзге тұлғаға бергенге дейін оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді.

48. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын өзіне бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

49. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен және басқа да көздер есебінен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

50. Кәсіпорынды қаржыландырудың басқа көздері:

- 1) Кәсіпорындағы балалардың тамақтануы үшін ата-аналық төлем;
- 2) мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен берілетін материалдық құндылықтары;
- 3) балаларға, ата-аналарға, халыққа қосымша қызметтер көрсеткені үшін түсетін түсімдер;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де түсімдер.

51. Кәсіпорынның Жарғыда көзделмеген Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған қызметті жасаудан алған кірістері, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған іске асырылатын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге белгіленген бағаларды асыра бағалау нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алынуға жатады. Бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша мүлікті тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

52. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқармаға алынған мүліктен құрылады.

8. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

53. кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жергілікті атқарушы органмен және білім бөлімімен келісім бойынша кәсіпорын меңгерушісі бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

54. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

55. Кәсіпорын өзінің қарауындағы ақшамен өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Еңбек ұжымымен қарым-қатынас

56. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

57. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

58. Еңбекақы төлеу нысандары, штат кестесі, лауазымдық айлықақылардың мөлшері, сыйлықақы және өзге де сыйақы жүйесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

59. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

60. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған кәсіпорын мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, таратылған кәсіпорынның ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

61. Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар білім бөлімінің ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның шешімімен енгізіледі.